

Шақыру жасындағы азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 5 сәуірдегі № 752 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 8 мамырда № 7-1-232 тіркелді. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 31 қаңтарағы № 92 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 31.01.2013 № 92 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 "Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы" Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 326 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығын іске асыру туралы" қаулысына сәйкес Орал қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. "Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының Қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) арқылы әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатылуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзімдерін өткермеген азаматтар 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын және

қ а м т а м а с ы з **е т і л с і н .**

2. "Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) азаматтарды медициналық куәландырудан өткізу

кезінде жабдыкталған әскери пункттерімен, дәрі-дәрмектермен, керек-жарақтармен, медициналық және шаруашылық мүлкімен қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. "Батыс Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті Орал қаласының ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) әскери міндеттілікті орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді жүзеге асыруға, сондай-ақ әскерге шақырылушылардың әскери бөлімдерге жөнелтілуі кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

4. Орал қаласы әкімдігінің "Шақыру жасындағы азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" 2011 жылғы 17 наурыздағы № 556 (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне 7-1-205 нөмірімен тіркелген, "Жайық үні" газетінде 2011 жылғы 12 мамырда № 19 жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Орал қаласы әкімінің орынбасары А. Құттұмұрат-ұлына жүктелсін.

Қала әкімі

Б. Шәкімов

КЕЛІСІЛДІ:

"Батыс Қазақстан облысының
Ішкі істер департаменті
Орал қаласының ішкі істер
басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің бастығы,
полиция полковнигі
_____Айткалиев Шадияр Қамиярұлы

05.04.2012 ж.

"Батыс Қазақстан облысының
денсаулық сақтау басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің
бастығы
_____Ирменов Қамидолла Мұтиғоллаұлы

05.04.2012 ж.

"Батыс Қазақстан облысы
Орал қаласының Қорғаныс
істері жөніндегі басқармасы"
мемлекеттік мекемесі
бастығының у.м.а.,

П О Д П О Л К О В Н И К

05.04.2012 ж. _____Мифтахов Виталий Сабирович

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК